

ҚАЗАҚ КӨГІНДЕ ТҰҢҒЫШ ЖАРҚЫРАҒАН ЖҮЛДЫЗ**Абдуалим Алимкулов**

Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік педагогика институтының 2- курс студенті

<https://doi.org/10.5281/zenodo.6610753>

Аннотация. Спорт тарихында өшпес із қалдырған бабалар. Біз жастардың оған жауабы.

Кілтті сөздер: отан, ерлік, тарих, қаһарман, балуан, күрсе, спорт.

ПЕРВАЯ СИЯЮЩАЯ ЗВЕЗДА НА КАЗАХСТАНСКОМ НЕБЕ

Аннотация: Предки, оставившие неизгладимый след в истории спорта. Мы, молодые, на это отвечаем.

Ключевые слова: родина, героизм, история, герой, борец, вольная борьба, спорт.

THE FIRST SHINING STAR IN THE KAZAKH SKY

Abstract. Ancestors who left an indelible mark on the history of sports. We young people answer.

Keywords: homeland, heroism, history, hero, wrestler, freestyle wrestling, sport.

КІРІСПЕ

Сан ғасырлық тарихымызда мақтан тұтар, бүгінгіміз бен келешегіміз үшін ғибрат алар оқиғалар мен ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған, ұлтының тұтастығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен қазақ батырлары, Отан алдындағы адал қызметінен үлгі алар ұлы тұлғалар аз болмаған. Сонау ғасырлар қойнауының қатпар-қатпар белесінен байқасақ, ежелден-ақ ру-тайпаларымыздың өз жерін еш жауға бастырмай, шыбын жанын шүберекке түйіп, қасық қаны қалғанша күрескен жауынгерлік істері бізге аманат болып жеткен. Қазақ халқының тарихына көз жіберсек, сонау Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөктен бастап жерін, елін, тілін, ділін қорғаудағы өшпес ерліктерге толы. Бесік жырынан басталатын ерлікке баулу дәстүрлері түркі халқына тән негізгі ырымдар. Халқымыздың бойындағы отансүйгіштік құндылық-тарды ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған заңдылық тұрғысынан да қарауға болады. Бұған дәлел көне түркі заманынан бастау алған патриоттық құндылық Күлтегін жазбаларында былай деп суреттеледі: “Елтеріс қағанның алғырлығы, еліне деген сүйіспеншілігі Күлтегіннің қанына ана сүтімен сіңді” – деген көне жазу қазақ халқының бойындағы ұлттық патриотизм сезімдері бүгін ғана пайда болған жоқ, ол ежелден-ақ туындап, дамып келе жатқан қасиет деуге болатындығын көрсетеді. Күлтегін жазбасында тағы да мынадай жыр жолдарын кездестіруге болады: Кедей халықты бай қылдым, Аз халықты көп қылдым... Түркі иелігінен айырылған халықты Ата-баба мекеніне орнатты... - делінген еді. Бұл жазбадан патриотизмнің –ата-баба мекеніне ие болып отыру жолында жан аямау, діл бірлігін қорғау, жиғанын халықтан аямау екендігін аңғаруға болады. Жоңғар сияқты алып империямен алысуға, Ресей патшалығының зеңбірегіне жалаң

кылышпен қарсы шабуға жетелеген де осы Отанына деген сүйіспеншіліктің, патриотизмнің қуатты күші. Туған жерге деген ыстық сезім, атамекенге деген құрмет пен қадір қасиет тұтуды Ұлы дала ойшылдары Қорқыт Ата, әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашқари, т.б. айтқан болатын. Ақын-жыраулар халыққа өнегелі сөздерімен ықпал етіп, оларды іргелі ел, берекелі жұрт болуға шақырды. Жыраулар жаугершілік заманда хандар мен бектердің ақылгөй кеңесшісі болып, жорықтарға бірге аттанды, ру тайпаларға басшылық етті, сұрапыл қанды майдан көріністерін жырға қосты, ерлікті мадақтады, шейіт болған батырларды жоқтап, ел қайғысын бөлісті. Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі халықтың береке бірлігін, Отанға адалдығын сақтау, намысты қолдан бермеу, өз Отанын жаудан аянбай қорғау – ат жалын тартып мінуге жарайтын қазақ баласының қасиетті борышы екендігін Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқар жырау, Шал ақынның өлең-жырларынан көре аламыз.

Өлмейді ісі мәңгілік, Өшпейді абзал есімдер. Ұрпаққа жетіп мәңгілік Кетпейді естен асыл ер,- деп ақ жалын ақын Жұбан Молдағалиев жырлаған. „Ерлік – елге мұра, ұрпаққа - үлгі” бабаларымыздың әрбір жүріп өткен жолы – біз үшін үлгі, шежіре, тағдыры – тарих деп есептеймін. „Ел ерімен еңселі”, „Елім” деп еңіреп туған ерлердің есімі еш уақытта елеусіз қалмайтыны ақиқат, халық мұндай қаһарман ұлдарын жыр аңызға айналдырып, өшпес ерлігін ауыздарынан тастамай, жан жүрегінде сақтайды. Бүкіл бір елдің қасиетін өз бойына дарыта алған, туған ұлтын шексіз сүйіп, терең қадір тұтқан халқымыздың қаһарман ұлы - Қажымұқан Мұңыңайтпасұлы.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ даласы - Сағым дала, Дарқан дала.... Талай жүйріктің тұяғы қалған, талай сұңқардың қияғы қалған байтақ дала. Төсінде небір жыршы, небір ел қорғаған батырлар, есімі елді дүркіреткен жандар туып өсті емеспе? Шіркін қазіргі таңда сол туған жер, қазақ даласының қамы үшін барын беретін жандар саусақпен санарлықтай аз. Тарихқа назар аударсақ біз жастар үшін бұрынғы өткен бабалар жанын пидә етті емес пе? Зиялыларымыз ағарту жұмыстарын алып барғаны үшін басы кесілді, абақтыда қорлық көрді, тіпті Сібірге қудаланып өз елінде өлім табу нәсіп етпеді. Ендеше біз соларға лайықты ұрпақ бола алдық па? Олардан тыс қаншама алып ерлер, мықты балуандар өтті. Сол адамдардың ішінде есімі елге ерекше танылған батыр, өзінен бұрын есімі маңайындағы елдерге жеткен, қазақ елінде алғаш французша күрес чемпионы, спорт шебері, циркте өнері өрге жүзген балуан: Қажымұқан Мұңыңайтпасұлы жайлы ой толғасақ.

Қажымұқан Мұңайтпасұлы 1883 жылы Ақмола облысында дүниеге келген. Ақмола уезіндегі кедей шаруаның баласы Қажымұқан өмірінің алғашқы кездерін ауыл байларының малшысы болып жұмыс істеп бастайды. Жастайынан-ақ Мұқан ауылдағы ересек баларға күн бермей бірәзін ұрып-соғып жүретін. Дегенмен балуандық олардың қанында бартұғын, әкесі Мұңайтпас та алып денелі балуан болған, оны барлығы Жуан аяқ деп атайтұғын. Аяғына бәтеңке сыймаған соң қыс-жазы қоғадан тоқылған аяқ киіммен жүретін. Есейе келе Қажымұқан байлардың қолынан-қолына өтіп өз өмірін жалшылықта өткізе бастады. Қажымұқан үй шаруа жұмыстарын істеп, жылқы бағып жүріп өзінің алып күш иесі екенін таныта бастайды. Масляков атты байға жүкші болып жүрген кезінде онымен бірге сауда-сатыққа жәрменкеге барады, сондағы бір бай өңшең құрық көрмеген асау жылқыларды әкелген болатын. Жылқыны ұстап көрсетуін сұрағанда құла қасқа жылқы ешкімге ұстатпай тулап тұрғанын көрген Қажекең, атқа шапшаң мініп бастырмалата қуып құйрығынан тарта қоя бергенде жылқы омақысып құлайды. Аттан жедел түсе келіп құлағынан басып құла қасқаны тырп еткізбей қойғанын көрген татар саудагері Сабыр оны өзіне жылқышым бол деп өзімен ала кетеді.

Бір күні қожайынымен базар аралап жүріп, күрес болып жатқан ортаға келеді, сондағы Татар балуаны өзіне қарсылас таппай отырғанына тап болады. Қожайын Қажымұқанның алып күш иесі екенін біліп күреске шығуын сұрайды. Қажымұқан ортаға кеп Татар балуанымен ұстаса кетеді, татар балуаны ары-бері айналдырса да Қажымұқан жеңілер емес, соңында Қажымұқан жеңіп шығады. Жеңілген балуан тура келе Қажымұқанға күрес әлеміне кіруін сұрайды, бертін келе Қажымұқанның күрес курсына да кіруіне сол Татар балуаны себеп болады. Осылайша күш атасы күрес әлеміне кіріп келеді.

Қажымұқан - спортпен айналысып құрыштай қорытылған салмақтанып, сұр денелі мықты жігіт болып шыға келеді. Ол кез балуанның күреске тоймайтын, жықпаса тағат таппайтын кезі болған. Әлем кезіп жүріп ол “Иван Паддубный, Иван Шемякин, Иван Зайкин, Миша Боров” сынды орыстың атақты балуандарымен дос болған. Осылайша балуан әлем кезіп французша күрестің әдістерін меңгеріп, кеудесі жер көрмеген балуан атанып жүреді. Қажымұқан циркта да өз өнерін көрсете білген. Күрестен тыс Ташкент қаласында болған өлім сайсына да қатысып жаны аман қалады. Ондағы шарт: кім кезек алса да басының қалаған жеріне бір ақ рет ұрады. Өлсе - күн жоқ. Тірі қалса – жаны олжа. Қажымұқан – онда Горкий атты балуанмен күш сынасып жаны аман қалады.

Дүниежүзінің 28 мемлекетін аралап, сол жерлердің саңлақтарымен белдесіп, қоржынына 56 медаль салған. Көрші жатқан Ресей жерінің өзінде де Қажымұқанға тең келетін балуан жоқ еді. Осылайша күш атасы 1906 жылы Алманияда өткен дүниежүзілік жарыста бәсекелестерін тізе бүктіріп, французша күрестен әлем чемпионы атанады.

Цирк ареналарындада Қажекең керемет өнер көрсеткен соның бірі “ғажайып көпір” атты номері. Балуан көпір болып тұратын үстінен жүк машинасын жүргізетін. Оны ек ақ адам орындаған бірі әлем чемпионы Иван Зайкин, екінші Қажымұқан Мұңайтпасұлы болатын.

Балуаның Батима атты әйелінен 1910 жылы Халиолла атты ұл көреді, Ырысты атты әйелінен үш қыз: 1924 жылы Сафия, 1930 жылы Әзия, 1933 жылы Рашида атты қыздарын көреді. Мінәйім атты әйелінен 1940 жылы Айдархан атты ұлын көреді.

Қажымұқанның қартайған шағы екінші дүние жүзі соғысына тура келді. Сондағы соғыстан қиналған кедей отбасылар үшін Қажекең өз медалдарын ұнға айырбастап жібереді. Соғыс үшін де циркте өнер көрсетіп қаржы топтап өкіметке тапсырады. Жыйылған ақшаға Қажымұқан атынан самалёт сатып алынып соғысқа жіберіледі.

ТАЛҚЫЛАУ

Күш атасы Қажымұқан Мұңайтпасұлы осылай ел үшін еңбектерін сіңірген. Қазіргі таңда балуан үшін лайықты құрмет көрсетіліп жатқан жоқ. Ел арасында балуанның 100 немесе 120,140 жасы тойланып, күрес ойындары өткізіліп жатқанын құлақ естімейді. Арнайы мынау Қажымұқанның әдісін қолдады дегенде жоқ. Мүмкін оған себеп шәкірттердің белсенділік көрсетпегені шығар... Ендеше Қажымұқан Мұңайтпасұлы атына арнайы күрес мектептері немесе Спортқа арналған жоғару оқу орындары ашылуы қажет деп білемін.

Қазіргі таңда елімізде спортқа үлкен көңіл бөлініп, спорт түрлерін де көбейтіп жатқаны сыр емес, оның жауабы ретінде спортшыларымыз да «олимпиада» ойындарында алтын, күміс, қола сынды медальдарды қолға енгізіп белестердің шыңын бағындырып жатыр. Әрине бұл мақтанарлық жайт. Елімізде спорттың барлық саласы үшін кеңінен жол ашылған және одан дұрыс пайдалана білу қажет деп білемін.

Ендігі жерде сол алдыңғы толқыннан үйренетін, тәлімін алатын, қанатты ісін жалғастыратын дәстүр біздің еншімізге тиіп отыр. Сол жақсы үрдісті жалғастыру біздер үшін перзенттік қарыз да парыз болып саналады. Осы арқылы кейінгіге біз де із қалдыруға тиістіміз. Менің ойымша, қазақстандық отансүйгіштік рух Өзбекстан азаматының өзін

осы елдің төл баласы, нағыз азаматы ретінде сезінгенде ғана қалыптасады. Өзбекстанның патриоты болу үшін:

- Өзбекстанда тұратын барлық ұлт өкілдері Өзбекстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне ерекше құрметпен қарап, шын ниетімен қадірлеу;

- Өзбекстанда тұратын барлық халықтардың ұлтына қарамай, Отанды қорғауға дайын болу;

- Ұлттық патриоттық мақтаныш сезімінің болу:

- Қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю қажет сияқты. Қай кезде де азаматтың өз Отаны алдында парызы болады. Азаматтың қасиетті борышының бірі – Отан алдындағы парызын өтеу. Кез келген адам бейбіт заманда да Отанын қорғай алады. Ол дегеніңіз қолға қару алу емес, өз Отаныңның білімді, өркениетті, салауатты перзенті бола алу. "Отан үшін отқа түс, күймейсің" деген екен батыр Бауыржан Момышұлы. Бұлай деп текке айтпаған. Өйткені Отан үшін еткен еңбегің ешқашан ұмытылмайды. Біздің ата-бабамыз түрлі қанқұйлы соғысты басынан өткерді. Олардың ең соңғысы – Ұлы Отан соғысы болды. Олардың соғысқа қатысқандағы мақсаты – ұрпақтарының, яғни, біздердің жақсы өмір сүруімізді, бейбітшілікте өмір сүруімізді қалады. Осылайша, аттың жалында, түйенің қомында жүріп, біздерге бейбіт өмірді орнатып берді. Халқымызда «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болады» деген мақал бар. Жастар өз Отанының нағыз патриоты бола алу үшін үлкендер де өз соңынан ерген ұрпақты дұрыс тәрбиелеуі керек. «Отаным маған не бересің деп емес, Отаным, мен саған не бере аламын?» деп өсу керек. Сонда елімізде әрқашан да бейбітшілік болады. Себебі, ертеңгі елдің тізгінін ұстар азаматтар білімді болса, олар барлық қиыншылықтарды ақылмен шеше алатын болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, Қазақ халқы өзінің ата-баба тарихына сүйіспеншілікпен қарауға құқықты. Өйткені, біздің ата-бабаларымыз бір сәт құлдыққа бас сұғып, өзінің отар ел болған болмысына ризашылық білдіріп, отырып қалған емес. Олар арының тазалығын ту қылып, азаттық жолын қалады. Ата-баба салты – тарихымыздың үлесі халқымыздың баға жетпес мұрасы. Қазақ халқы ежелден басқа халықтардай Отанын, ұлтын сүйген қасиет тұтқан ел. Батырларымыз бастаған қазақ халқы Отанын, жерін, ұлтын жаудан қорғаған еді. Оны Қазыбек би: «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз. Елімізден құт береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз; ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәмі-тұзын ақтай білген елміз; асқақтаған хан

болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды» дей отырып, қазақ халқының өз елін, жерін қорғаудағы қажырлығын, жанын аямайтын патриоттығын, такаппарлығын сипаттаған еді. Демек, біз - аманатты арқалаған баһадүр бабалардың ұрпағымыз! Бабалар салып берген сара жолдың иесіміз. Толарсақтан саз кешіп, ат ауыздықпен су ішкен заманда, қолына найза алып, ерлеулі атқа қонған батыр да қайсар қазақтың жалынды ұрпақтарымыз. Олай болса, бабалар рухына бас ие отырып, егемендікті сақтау, тәуелсіздігіміздің тұғырын тереңнен бекіту қасиетті борышымыз саналады емес пе?!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ғазизбек Тәшімбаев «Қазақтың Қажымұқаны» Алматы, Атамұра, 2009ж.
2. «Ана тілі» газеті, 1990жыл, 26 сәуір.
3. Ә.Қоңыратбаев, «Күш атасы» «Қазақстан» баспасы, 1990ж.
4. Сәкен Хасанов «Балуанның басын бағалай алдықпа (мақала)»